Қараменде би ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиналысының хаттамасы

Ақтас ауылы №1 20.01.2026 жыл

Өтетін орны: Әкімшілік ғимараты

Уақыты: 20.01.2026 жыл, сағат 11:00

Қатысқандар: Қараменде би ауылдық округінің әкімі Қ.Азиров, жергілікті қоғамдастық мүшелері.

Қараменде би ауылдық округінің әкімі Қ.Азиров – Бүгін жергілікті қоғамдастық жиналысын ашық деп жариялаймын. Жиналысты шақыруды жүргізу үшін төрағасы мен хатшысын сайлайық.

Жиналыс төрағасы Е.Мунайтбасов – Бүгінгі жиналыста Ақтас және Қуаныш ауылдарының тоқ мәселесі, Сәуле ауылына реклаузер орнату мәселесі ұсынылып отыр күн тәртібін бекітуді дауысқа салайық.

Күн тәртібі бекітілді.

Жиналыс регламентін бекітейік. Баяндамашыға 5 минут, Жарыс сөзге шығушыларға 2 минут ұсынамын. Регламент бекітілді.

Қысқаша баяндама жасау үшін сөз Қ.Азировке беріледі – Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Жидебай ауылдық округіне қарасты Сәуле ауылында орналасқан №79 әуе желісінен қоректенетін қосалқы станциядағы Қараменде би ауылдық округіне баратын ұяшықтың техникалық жағдайына тексеру жүргізілді. Тексеру барысында аталған ұяшықтың тәулігіне екі рет сөнуі анықталды. Анықталғандай, ұяшық Қуаныш және Ақтас елді мекендерінің жүктемесіне сәйкес келмейді және техникалық тұрғыдан тозығы жеткен. Соның нәтижесінде 5-6 қаңтар күндері ауыл тұрғындары электр энергиясыз отырды. Осыған байланысты нысанды толық көлемде желіден жеке ажырату мақсатында бөлек ұяшық, тоқ трансформаторы және РЛНД-10 кВ құрылғысын жөндеп, іске қосу қажет. Қолданыстағы құрылғылар толық ауыстыруды талап етеді. Жөндеу және жаңғырту жұмыстарын белгіленген тәртіпке сәйкес шұғыл түрде ұйымдастыру ұсынылады.

Жарыс сөзге шыққандар:

Қ.Игембеков – Ақсақалдар кеңесінің төрағасы, ауыл тұрғыны - электр желілері ескірді, ауа-райы қолайсыз кезде электр энергиясы тұрақсыздық

танытады және бұл мәселені шешуге аудан басшылығы қолдау білдіріп тұрса жасау керек.

М.Мухтаров – Ардагерлер кеңесінің төрағасы, ауыл тұрғыны – Біздің округтің электр желісінде ақаулардың жиі орын алуына байланысты электр энергиясы жиі өшіп отыр. 5-6 қаңтар күндері электр қуатынсыз болдық. Сондықтан осындай мүмкіндік туып, кәсіпкер тарапынан қолдау көрсетіліп отырған жағдайда, аталған жабдықтарды орнатуды қолдаймыз. Бұл бастама тек біз үшін ғана емес, барлық тұрғындар үшін тиімді болар еді. Халықтың ризашылығына ие болатыны сөзсіз.

Жиналыс шешім етті: Ақтас ауылына КРУ 10 кВ орнатылсын деп шешті. Жұмысты толық орындап іске қосу округ әкімі Қайрат Азирулына жүктелсін.

Жиналыс төрағасы: **Е.Мунайтбасов**

Хатшысы: **Қ.Игембек**